



Жапырақтар

Мақсаты: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету.

Қажетті құралдар: Жұқа қағаздан ойып жасалған сары және қызыл жапырақтар.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаға күзде ағаштардың жапырақтары түсетінін түсіндіреді. Бұл құбылыс жапырақтардың түсуі деп аталады. Жапырақтардың түсуін үйде ұйымдастыруды түсіндіреді. Бала жапырақтар ұшатындай, оларға үрлейді. Жаттығу 2-3 рет орындалады.



Әдемі кілемшелер

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету;
қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту;
ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: қағаздан жасалған кілемшелер,
геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Балалар геометриялық пішіндерді
берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ
күрайды.

Өз үйінді тап

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.





Мынау қай пішін?

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

Қажетті құралдар: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.

Ойын барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.




Сиқырлы суреттер

Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.



«Не қайда тұрады?»

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту

Керекті құрал-жабдықтар: Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері

Шарты: Балаларға иттің, қоянның, қойдың, торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы, әрқайсының тұру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, қойға-қора, қоян-қоршауға)

«Суреттерді құрастыр»

Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту

Шарты: Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі

Көрнекілігі: әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері



«Жемістерді жина»

Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту

Шарты: Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: - «Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзеңкеге, орташаны орташа кәрзеңкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзеңкеге салуларың керек» -деп ортаға 3 баланы шығарады, алмаларды үзуді тапсырады. Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады

Көрнекілігі : 3-түрлі көлемдегі үлкен, орташа, кішкентай, 3-кәрзеңке үлкен, орташа, кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар



«Көп және біреу»

Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.

Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.





«Сиқырлы қапшық»

Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.




Вагондарға дөңгелек таңдау

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.





«Төлдерін тап та, көрсет»

Мақсаты: Балалардың байқампаздық қасиеті, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу

Шарты: тақтада көсетілген жануарлардың төлдерін сызық сызу арқылы көрсету.

Керекті құрал-жабдықтар: көрнекіліктер: жануарлардың, төлдердің суреттері



Үй құрлысының ретін көрсет

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.

Қажетті құралдар: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Ойын барысы: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге карап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.

Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін кююге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.



«Керісінше айт»

Мақсаты: Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету.

Көрнекілік: доп

Барысы: Балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзбен жауап беруді сұрайды. Мысалы: «таң» десе, бала «кеш» деп жауап береді.



«Кім не жейді?»

Мақсаты: Логикалық ойлауды, сөйлеуді,

талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту

Барысы: Өсімдіктер мен жануарлары бар карточкалар

жинағын дайындайды. М/ы: шөп-қоян-қасқыр: шаян-

балық-итбалық-ақ аю: шырша бүршігі-тиін-сусар: өсімдік

(шырын)-көбелек-бақа-құтан және т.б. Балаларға

карточкалар таратылады. (карточкаларды лайықты

суреттермен бетперделермен ауыстыруға болады)

Көрнекілігі: Өсімдіктер мен жануарлар бейнеленген

суреттер



«Апта күндері»

Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету

Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады

Керекті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка



«Сипатына қарай шешуін тап»

Мақсаты: Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу

Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді. М/ы: ақшақардың суреті – «Балалар сендердің алдарында ақшақардың суреті бейнеленген кәртішкелер бар. Бір қарағанда олардың бәрі бірдей сияқты, бірақ анықтап қарасаңдар оларда өзгешеліктер бар. Осыған байланысты сендерді суреттегі ұқсастықтар мен өзгешеліктерді байқап тез анықтауға шақырамын». Ақшақардың бетінде қандай өзгірістер бар?

-екі көзі, бір қызыл мұрыны бар

-бастарында ше?

-біреуінде шелек, екіншісінде кастрюль

-қолдарында қандай өзгерістер көріп тұрсыңдар?

-сыпырғыш, күрек, таяқшалар біреуінде оң, ал екіншісінде сол қолдарында

-түймелері нешеу?

-үш, төрт т/б

Көрнекіліктері: Заттық суреттер: ақшақарлар, жиналмалы қуыршақтар, жатпайтын қуыршақтар, көбелектер, аюлар, біркелкі мөлшерде әр түрлі өзгерістерімен




«Бұлар нелер?»

Мақсаты: Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету

Барысы: Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту.

М/ы: мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б

Көрнекілігі: Үй және жабайы жануарлар суреттері



«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»

Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту

Барысы: Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші-деп балаларды ойынға шақырады.

Көрнекілігі: Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер

«Әркімге өз үйі»

Мақсаты: Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту. Түстерді ажыратуға үйрету

Барысы: Балаларға аңдардың суретін көрсетіп сұрау:
-Сендер мына аңдарды білесіңдер ме?

-Аңдарға үйлерін табуға көмектесеміз бе?- деп дайын үйлер терезесіне бейнеленген аңдарды орналастырады

Көрнекілігі: 6-түсті (қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, қызылсары) үй және аңдардың (қоян, қасқыр, аю, түлкі, кірпі, тышқан) суреттері

«Үйдің есігін жабайық»»

Мақсаты: Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту

Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну

Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері



«Бақша да ма, бау да ма?»

Ойынның мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Сонан соң көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балалардың ойынға қызығушылықпен қатыстырады

Ойынның көрнекілігі: Жемістер мен көкөністердің суреттері



«Таныс пішіндер доминосы»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру

Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру.

Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді

Ойынның көрнекілігі: Пішіндер бейнеленген суреттер



«Әдемі гүл»

Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту

Ойынның мазмұны: Топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен ғажайып сәт ұйымдастырылады. Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маған көмектесесіңдер ме?» - деп сұрақ қояды. Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларың керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қондырайықшы-деп ұсыныс жасалады

Көрнекілігі: Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер



«Үлкен-кіші»

Мақсаты: Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту

Ойынның мазмұны: Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар мен жануарлардың суреттерін атай отырып көлемдерін ажыратады

Көрнекілігі: Ойыншықтар мен жануарлар суреттері

«Қай жануар артық»

Мақсаты: Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.

Шарты: Жоғалған жануарлардың атауларын айту, қай жануардың қасында тұрғанын тақтадан көрсету.

Көрнекілігі: Жануарлардың, үлестірмелі суреттер.



«Қолымда не бар?»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар.

Ойынның мазмұны: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.



«Дауысын сал!»

Ойынның мақсаты: құстардың түрлерін және олардың дауыстарын салуды үйрету.

Ойынның мазмұны: Құстардың суреттерін таратып береді.

Кімде қандай құстың суреті, оның дауысын салады.

Көрнекіліктер: құстардың суреттері





«Не жоқ?»

Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

Шарты: ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады.

Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде педагог ойыншықтардың біреуін алып қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады.

Керекті құрал-жабдықтар: ойыншықтар

Біркелкі пішіндерді сана

Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана)

Ойын барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.



Танып ал да, атын ата

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.





Бес санына шапалақта

Мақсаты: Беске дейін санап және тәрбиешінің ұсынысы бойынша әрекетті орындап үйрету.

Ойын барысы: ойынды екеулеп және топпен ойнауға болады. Тәрбиеші балаға қарама –қарсы отырып айтады «қазір мен 5-ке дейін санаймын «бес» деген кезде сен бір рет шапалақтайсың.



«Қолшатыр»

Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Ойынның шарты: Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады

Керекті құрал-жабдықтар: қолшатыр



«Қуыршақты жуындыру үшін не керек?»

Ойынның мақсаты: қуыршақты жуындыру үшін қандай заттар керек екенін біледі.

Ойынның шарты: Жуындыру үшін қандай заттар керекін суреттен қарап, артығын алып тастау керек.

Керекті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: жуындыруға қажетті заттар.



«Не ұшпайды?»

Мақсаты: ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу

Ойынның шарты: Суреттен ұшатын, ұшпайтын заттарды ажыратып, аттарын ататқызу.

Керекті құрал-жабдықтар: ойыншықтар, құстардың суреттері.

«Кім жылдам?»

Ойынның мақсаты: шапшандыққа, жылдамдыққа үйенеді

Ойынның шарты: Шашылып жатқан көкністер мен жемістерді екі себетке жинайды

Керекті құрал-жабдықтар: жемістер мен көкөністер муляждары.



«Ажырат»

Ойынның мақсаты: киімдерді ажырата білуді үйренеді.

Ойынның шарты: қысқы киімді көк, жазғы киімді сары сөмкеге салу керек.

Көрнекілігі: қысқы, жазғы киімдердің суреттері.




«Түрлі түсті моншақтарды тізу»

Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету

Ойынның барысы: Қонаққа қуыршақ немесе аю келеді , өзімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншақ жасауға көмектесулерін сұрайды.

Тәрбиеші екі түсті моншақты қолына ұстай отырып, бірінші қызыл, сонан соң ақ моншақты тіземіз –деп көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалап отырады

Күрал-жабдықтары: Ақтүсті -8 қызыл түсті -8 моншақтар, диаметрі-2 см. Жіптер және қорапшалар



«Кімге не керек»

Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету

Ойынның шарты: Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді.

М/ы: тігіншіге-ине, құрылысшыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б

Көрнекілігі: Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар

